

Ленин жүзі

Шығыс
25-ші жыл
№ 11
(6712)
1944 жыл
Сенбі
15 январь
Сағасы
20 тыйм

КК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және КК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

ҚЫСҚЫ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ШАРАЛАР МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛСЫН

Агротехникалық шаралардың барлық түрі мүлтіксіз орындалған күн ғана егіннен мол өнім алуға болады. Агротехникалық шараларды мүлтіксіз орындау—егіннен мол өнім алудың кепілі. Қазіргі қысқы аяқтатпа жүргізілетін агротехникалық негізгі шаралардың бірі—егіс алаңына қар тоқтату. Қар мол тоқтатылған егіс алаңында егіннің мол өнім беретіндігі мәлім. Жерге себілген тұқымды қоректендіруге бірауа жақсы суы жеткіліксіз болады. Сондықтан да егіс алаңдарына мол қар тоқтату егіннің шығымдылығын арттыруда зор роль атқарады.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздары қар тоқтату ісіне зор маңыз беріп, бұл негізгі агротехникалық шараны деркезінде мүлтіксіз орындау үшін барлық мүмкіншілікті пайдалануда. Мәселен, Чистовстық совхозында қар тоқтату жұмысы қызу жүргізіліп жатыр. Совхоздың әрбір бөлімшесінде қар тоқтатылған бригада, звено ұйымдастырылып, олар көлікпен, құрал-саймандармен, егіс алаңдарына қойылатын қалқанмен қамтамасыз етілген. Бұл бригада мен звеноларды басқаруда тандаулы жұмысшылар бөлінген. Осылардың нәтижесінде совхоз саярдың өзінде 2.500 гектар алаңға қар тоқтатты. Онымен бірге, Ленин ауданындағы «Өндіріс», «Путь Ильича», Чкалов ауданындағы «2-Октябрь», Фрунзе атындағы, Мамлют ауданындағы «12 лет Октября» колхоздары да және басқа колхоздарда да қар тоқтату жұмысы кеңінен өріс алды.

Алайда, облысымыздың бірсыпыра колхоздары мен совхоздарының басшылары қар тоқтатуды кезекке қойып отыр. Осының салдарынан қар тоқтату планы орындалмай отыр. Чкалов ауданындағы «8 Съезд Советов», Прищепин ауданындағы «Бексейт», Совет ауданындағы «Үлгі», «Сартомар» колхоздары және басқа бірсыпыра колхоздар егіс алаңына қарды мүлде аз тоқтатты. Бұл колхоздардың басшылары қар тоқтату жұмысы өздерінің бүгінгі таңдағы жауынгерлік міндеті екенін түсінгілері көрсетіп отыр.

Егіннің шығымдылығын арттыру үшін жергілікті тыңайтқыш заттар қайдалы әрі қуатты резервтердің бірі. Муны алдыңғы қатарлы колхоз, совхоздардың көп ақылғы тәжірибелері көрсетіп отыр.

Тыңайтқыш заттарды әзірлеу—

қар тоқтату сыяқты ең басты агротехникалық шаралардың бірі болып саналады. Тыңайтқыш заттардың жүйелі жұмысын облысымыздың бірсыпыра аудандары олжылыққа ұшыратып отыр. Мамлют ауданы тыңайтқыш заттарды әзірлеу планы небәрі 1,1 процент, Прищепин ауданы 2,9 процент, Полудень ауданы 3,4 процент ғана орындады. Бұл аудандардың басшылары кейбір болымсыз бөгде себептерді бетке ұстап, тыңайтқыш заттарды әзірлеуді колхоз басшыларынан талап етпеген. Тыңайтқыш заттардың мол жыйналуы үшін нақтылы шара қолданбаған. Осының салдарынан облысымызда тыңайтқыш заттарды жыйнау планы небәрі 5,3 процент ғана орындалды.

Егіннің шығымдылығын мейлінше арттыру үшін жергілікті тыңайтқыш заттардың ерекше маңызы бар екендігін жер бөлімдері мен МТС тардың, колхоздар мен совхоз басшыларының ұғынатын уақыты жетті.

Қысқы агротехникалық шараларды деркезінде мүлтіксіз орындау ісіне барлық мүмкіншілікті, күш-жігерді жұмсау керек. Әрбір колхоз, совхозда қар тоқтататын бригада, звено ұйымдастырылып, ол бригада мен звеноны көлікпен, құрал-саймандармен және егіс алаңдарына қар тоқтату үшін қойылған аспаптармен қамтамасыз ету керек. Агростарлар бұл бригададағы колхозшыларға қар тоқтату ережелерін түсіндіріп, бұл жұмысты өздері басқаруға тиіс.

Колхоз, совхоздардың басшылары тыңайтқыш заттарды жыйнау жұмысын кеңінен өрістетуге тиіс. Көң, күл, күс қыны тағы басқа жергілікті тыңайтқыш заттарды жаппай жыйнау, бұл тыңайтқыштарды дұрыс сақтап, толық пайдалану—әрбір колхоз, совхозда шын мәнінде жүргізілуі керек. Көң және басқа тыңайтқыш заттардың бірде-бір килограммын ысырап болмай егіс алаңдарына тасылау үшін колхоз, совхоздардың басшылары барлық шараларды қолдануға міндетті.

Егіс алаңдарына қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыш заттарды мол әзірлеп, оны егістік жерлерге тасып жеткізу—жер бөлімдері мен совхоз басшыларының, колхоз председателдерінің бүгін таңдағы кезек куттірмейтін міндеті.

ВЛАДИМИР ГРИГОРЬЕВИЧ ЗАХАРОВКА ССРС ХАЛЫҚ АРТИСІ АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Музыка творчествосында көрнекті табыстарға жеткені үшін және орыс халық әндерін пропагандалау ісінде сіңірген ерекше еңбегі үшін Пятницкий атындағы мемлекеттік

орыс халық хорының көркемдік жанын басқарушы, композитор Захаров Владимир Григорьевичке ССРС Халық артисі атағы берілсін.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. КАЛИНИН.

ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі А. ГОРКИН.

Москва, Кремль. 1944 жылғы 11 январь.

СОВЕТ ҮЛПӨРМІРІ

13 ЯНВАРЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

13 январьда МОЗЫРЬ бағытында армия генералы РОКОССОВСКИЙДІң басқаруындағы Белоруссия майданының әскерлері шабуылды өрістетуде болды және ұрыс жүргізе отырып, 40тан аса елді пунктті, оның ішінде ШИЛИЧИ, ТУРОВАЧИ, СУХОВИЧИ, ДУДЧИ, БУДА, ГУЛЕВИЧИ, ПЕННИЧА, МИХАЛКИ, БИБИКИ, ТАВРИЧЕВКА, КАМЕНКА, ЗИМОВИЩЕ, МОИСЕВКА, ПРУДОК, НАГОРНОЕ үлкен елді пункттері мен ЮШКИ, ГОЛЕВИЩИ, МЫТВА, МИХАЛКИ темір жол станцияларын алды. Әскерлеріміз Белоруссия ССРІнің облыс орталығы МОЗЫРЬ қаласына, КАЛИНОВИЧИ қаласы мен үлкен темір жол торабына жақын келді.

САРНИНЫҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып, аға басты, сәйтіп бірнеше елді пункт пен ТУТОВИЧИ, ГРАНИИ КУРЕНЬ, МАЛЫНСКИ темір жол станцияларын алды. САРНИИ қаласы ұрыстарда әскерлеріміз мынадай олжаны түрлі калибрлі 38 зеңбірек, 53 минометті, 140 пулеметті, 193 автомашинаны, жүк тиеген 420 ат-шапаны, 600 атты және қару-жарақ, оқ-дәрі мен азық-түлік қойылған 6 складты қолға түсірді.

НОВОГРАД-ВОЛЫНСКИЙДІң батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, Ровен облысының аудан орталығы КОРЕЦ қаласын, Каменец-Подольский облысының БЕРЕЗОВ аудан орталығын алды және ұрыс жүргізе отырып, 60тан аса елді пунктті, оның ішінде МЕДВЕДЗКА, БОЛЫШАЯ СОЛПА, ЖЕЛЕЗНИЦЕ, ДАНИЧУВ, ГОЛОВНИЦА, БРЫКОВ, ПОДЛУБЦЫ, КИЛИКОВ, МУХАРЕВ, КУТНИ, КРАСНОСТАВ, МАНИТИН, ЯВЛОНОВКА, СЕНИГОВ, ГОРОДНЕВКА, КУПИНО үлкен елді пункттері мен МАЙДАН-ВИЛА темір жол станциясын алды.

БЕРДИЧЕВТИҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізуде болды, бұл ұрыстардағы барысында бірнеше елді пунктті алды.

ВИННИЦАНЫҢ шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жалы әскерлері мен танктерінің ірі күштерін қарсы атақаларын тойғарды.

КИРОВОГРАДТИҢ батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ұрыстардың нәтижесінде өздерінің позицияларын жақсартты.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді, артиллерия-миномет атқысы болып тұрды және бірсыпыра пункттерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

12 январьда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 87 танкін қыратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 162 самоләті атын түсірілді.

Мозырь бағытында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Немістер Мозырь ауданындағы Калиновичке зор маңыз беріп, бұл араға қуатты қорғану шептерін жасады және ол шептерді қару-жарақпен қамтамасыз етті. Бір тәртіпке дұшпан 20-дей дала зеңбірегі мен танкке қарсы атығын зеңбіректерін, көп минометті мен жүздеген пулеметтерін топтады. Немістер қорғану шептерінің қиыр түпкірінде айнала қорғануға лайықталған тіректі пункттер жасады. Әскерлеріміз дұшпанның қарсыласуын жеңе отырып, алыстан орағытып маневр жасады, сөйтіп дұшпанға өкпе тұстан және тылдан соққы берді де гитлершілерді орасан зор шығынға ұшыратты. Оңтүстік жақта қиымал қасатқын екінші бір бөліміміз немістердің қорғану шебін бұзып өтті және шабуылды өрістеті отырып, Мозырьдің батыс жағындағы Зимовище, Моисеевка, Прудок елді пункттерін алды. Күн тәулігі ішінде немістерден барлығы 40тан аса елді пункт тазартылды. Немістердің қорғану шебін бұзып өтерде артиллериямыз шешуші роль атқарды, ол нәсерлеті оқ жаудырып, жаудың батареясының үнін өшірді. Ұрыстардың барысында немістердің 1500ден аса солдатты мен офицері, 11 танк пен өздігінен жүретін зеңбіректері, көп артиллериясы және миномет батареясы жойылды. Жаудан олжа және адамдар қолға түсірілді. Бір учаскеде советтің атты әскерлері жау тылына өтті де бір үлкен елді пункттегі неміс гарнизонының адамдарын кескілеп өлтірді.

Новоград-Волынский қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында совет танктері мен жау әскерлері қауырт алға басып, Ровен облысының аудан орталығы КОРЕЦ қаласын алды. Екінші бір бөліміміз Каменец-Подольский облысының БЕРЕЗОВ аудан орталығы мен 60тан аса елді пунктті алды. Бұл пункттер үшін болған ұрыстарда 1000нан аса гитлершіл жойылды. Әскерлеріміз дұшпанның көп олжаны, оның ішінде 5 танкті, 16 зеңбіректі, 127 пулеметті, 80 автомашина мен 3 радио станциясын қолға түсірді. Бірнеше жүз немістер қолға түсірілді.

Винницаның шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның танктері мен жау әскерлеріне қарсы ұрыстар жүргізуде болды. Түрлі учаскелерде совет бөлімдерінің жауынгерлік қатарынан өтіп кетуге тырысып, немістер алденеше рет қатты қарсы атақалға шықты. Ұрыс өте қатты болды. Кейбір пункт алденеше рет қолдан-қолға көшті. Дұшпан орасан көп шығынға ұшырады, алайда ешбір табысқа жете алмады. Совет жау әскерлері, артиллериясы мен танктері жауға жауап ретінде соққы беріп, немістердің 2000нан аса солдатты мен офицерін қырып салды. Жаудың 59 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі өртелді. Бір ауданда әскерлеріміз немістердің таулық атқыштар полкінің қоршап алып, жойып жіберді. Ұрыс аясында 1000дай өлген гитлершіл қалды. Жаудан

көп адамдар мен қару-жарақтар қолға түсірілді.

Кировоградтың батыс және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қарсы ұрыстардың барысында өздерінің позицияларын жақсартты. Бір ауданда неміс жау әскерлері кеше айрылып қалған үлкен елді пунктті қайтарып алуға әрекеттеніп, танктерінің жәрдемімен 5 дүркін қарсы атақалға шықты. Гитлершілердің қарсы атақаларының барлығы тойтарылып, дұшпан орасан көп шығынға ұшыратылды. Немістердің 13 танкі қырылды, 400дей солдатты мен офицері қырылды. Екінші бір учаскеде совет бөлімдері бір темір жол станциясына басып кіріп, оны дұшпанның тазартуда. Жаудан олжа және адамдар қолға түсірілді.

Тас жолдардың маңызды ауданында қиымал жасаушы молдаван партизандары дұшпанның 9 танкі мен 60 автомашинасын өртеді. Миналарға соқтығырылып және мылтықтар мен пулеметтерден оқ жаудырылып, 100ден аса гитлершіл қырылды. Немістердің 22 солдаты қолға түсірілді. Екінші бір ауданда молдаван партизандарының отряды дұшпанның аэродромына тап берді. Совет патриоттары немістердің күзетшілерін жойып, 10 самоләті, 20 тонна бензинді, 2 дала телефон станциясын өртеді, және авиация бомбалары қойылған складтың талқандады.

Финдердің 3-жау әскер бригадасының 3-батальонындағы 10-ротаның қолға түсірілген солдатты Лаури Тойвоанвирга былай деді: «1941 жылғы 18 июльде мен армия қатарында шықтым, содан бері үнемі майданда жүрмін. Сол уақыттан бері не үшін соғыстым? Газеттердегі соғыстың хабарын түсіндіре келіп, «Улы Финляндия» үшін соғысып жүрміз деп жазды. Соғыстың басқесінде мен секілді басқалар да, бұл ұрыстың нәтижесінде бізге Карелия, Мурманскі өлкесі және Ленинград қосылды деп сенді. Бұл мәнінде барлық жерде ашық айтылды. Соғыс созылды, бақыт орыстар жағына кетті. Енді Германияның да, Финляндияның да соғыста сөзсіз жеңілетіндігін барлығы көріп отыр. «Улы Финляндия» жөніндегі план маңындағы даурықпалы думан тынды. Газеттерде, жеке адамдар да Финляндия қорғану соғысын жүргізіп жатыр дейді. Жуырда 3-батальонының командирі майор Иконен бізбен әңгіме өткізді. Ол бізге Карелияны, Ленинградты, Мурманскіні және Мурманскі темір жолын қосып, соғыстан кейінгі Финляндияның картасын көрсетті. Майор бізді немістерден үрейленуге шақырды. «Немістер ұлы Германия үшін күресіп жатыр, ал біз олармен бірлесе отырып «Улы Финляндия» үшін күресуге тиіспіз» деді ол. Россияға қарсы соғысқа аспай қалған аялжүрестік соғыс екендігі енді есуге шошқорашылардың өзіне мәлім болып отыр. Финляндия бұл авантюристік ісі үшін әлі-ақ жауап береді».

КЕСЕК АЛТЫН ТАБЫЛДЫ

Челябі облысының Ленин атындағы алтын көмі тресінде старательдер бригадасы рудникті жаңартып жүріп кесек алтын тауып алды.

Олар бірнеше күнде 3 килограмм алтын қазып алды. Кесек алтынды қазып алу жұмысы жүргізіліп жатыр.

СОВЕТ-ПОЛЬША ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ СОВЕТ ҮКМЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ТАССтың білдіруі

Совет үкметі ТАССқа мынадай мәлімдеме жариялауды тапсырды.

5 январьда Лондонда Польшаның эмигрант үкметінің Совет-Польша қатынасы туралы мәселе жөнінде мәлімдемесі жарияланды. Бұл мәлімдемеде бірсыпыра теріс пікірлер, оның ішінде Совет-Польша шекарасы туралы теріс пікір бар. Совет Конституциясы Совет-Польша шекарасын Батыс Украина және Батыс Белоруссия халықтарының тілегіне сәйкес белгілегені жұртқа мәлім. Олар өздерінің тілектері 1939 жылы кең демократиялық негізде өткізілген плебисцитте білдірді. Мұның нәтижесінде, Батыс Украинаның басым көпшілігі украиндар мекендеген территориялары Советтік Украинаға, Батыс Белоруссияның басым көпшілігі белорусстар мекендеген территориялары Советтік Белоруссияға қосылды. Советтер Союзына еріксіз танылған 1921 жылғы Рига Шартында Батыс Украинаны мекендеген украиндар және Батыс Белоруссияны мекендеген белорусстар жөнінде істелген әділетсіздік, осылайша түзетілді. Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның Советтер Союзына қосылуы Польшаның мүдделерін бұзбағаны былай тұрсын, қайта поляк халқы мен оған көрші украин, белорус, орыс халықтары арасында баянды және тұрақты достық орнатуға сенімді негіз қалады.

Қуатты және тәуелсіз Польша мемлекетін қайта орнатуды және Советтер Союзы мен Польша арасында достық орнатуды қостайтынын совет үкметі талай рет жариялады. Баянды тату көршілік қатынас, — бір-бірін құрметтеу негізінде, егер поляк халқы тілесе Советтер Союзы мен Польшаның бас жауы — немістерге қарсы өзара көмектесу одағы негізінде СССР пен Польша арасында достық орнатуға тырысатынын совет үкметі тағы да мәлімдейді. Достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы Совет-Чехословак Шартына Польша қосылса, мұның өзі ол міндеттің жүзеге асырылуына себеп болар еді.

Совет-герман майданында совет әскерлерінің табыстан-табысқа жетуі Советтер Союзының оккупацияланған территорияларын герман басқыншыларынан азат етуді күн санап тездетуде. Қызыл Армияның жанкыярлық күресі және одақтастарымыздың ұлғайып отырған жауынгерлік қыймылдары гитлершілдердің соғыс машинасын талқандайтын, Польшаны және басқа халықтарды герман оккупанттарынан азат ететін күнді жақындатуда.

Колхоз басшыларының абройлы ісі

Ленин ауданының кейбір колхоздарында астық сату ісі тіпті баяу. Мәселен, «Память Ильича» колхозы мемлекетке осы уақытқа дейін небәрі 50 килограмм астық, 4 центнер картоф, Пушкин атындағы колхоз — 36 килограмм астық, 7 центнер картоф сатты. Бұл колхоздарда майдандық оқулық басталғаннан бері мемлекетке бірде-бір килограмм астық не картоф сатылған жоқ. Колхоз председателдері Подолок, Маслов жолдастар майдандық оқулықке жете маңыз бермей отыр. Олар мемлекетке астық сату ісін

«ССРСтағы Поляк патриоттарының Союзы» және бұл союз ұйымдастырған, қазіргі уақытта майданда Қызыл Армиямен қол ұстасып, немістерге қарсы соғысып жүрген Поляк армиялық корпусы бұл азаттық күресте қазірдің өзінде өздерінің ардақты міндеттерін атқаруда.

Қазіргі уақытта Польшаның қуатты және тәуелсіз мемлекет болып қайта құрылуына мүмкіншілік туып отыр. Бірақ Польша, украин және белорус жерлерін басып алу жолымен емес, немістер Польшадан тартып алған ежелгі поляк жерлерін Польшаға қайтару жолымен қайта құрылуға тиіс. Поляк, украин, белорус және орыс халықтары арасында тек осындай жолмен ғана өзара сенім және достық орнатуға болады. Польшаның шығыс шекарасын Советтер Союзымен келісу бойынша белгілеуге болады. Совет үкметі 1939 жылғы шекараны өзгерместен сол қалпында қалады деп есептемейді. Бұл шекараға Польшаның пайдасына өзгерістер енгізілуі мүмкін — халықтың көпшілігі поляк болып отырған аудандардың Польшаға берілуі мүмкін. Бұлай болғанда Совет-Польша шекарасының, шамамен айтқанда, 1919 жылғы одақтас державалардың Жоғарғы Советі қабылдаған және Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның Советтер Союзына қосылуын көздеген Керзон әкелісі деп аталған шекарамен өтуі мүмкін. Бұрын Германия тартып алған ежелгі поляк жерлерін Польшаға қосу жолымен Польшаның батыс шекарасын кеңейту хажет, онсыз бүкіл поляк халқы өз мемлекетіне біріктіру мүмкін емес. Бұлай еткенде Польша мемлекеті өзіне хажет болып отырған Балтық теңізі бойынша шығатын болады. Қуатты және тәуелсіз мемлекет болып толық бірігуге ұмтылған поляк халқының әділетті тілегін танып, оны қолдау хажет.

Польшаның өз халқынан қол үзген эмигрант үкметі Советтер Союзымен достық қатынас орната алмады. Бұл үкмет Польшаның өзінде герман басқыншыларына қарсы белсенді күрес те ұйымдастыра алмады. Ол түгіл, өзінің теріс саясатымен бұл үкмет өкінің бірінде неміс оккупанттардың қолшоқпары болып отыр. Ал Польша мен Советтер Союзының мүдделері елдеріміз арасында баянды достық қатынас орнатылуын, барлық одақтастарға ортақ ісін талабына сәйкес, Польша мен Советтер Союзының халықтары бәріміздің сыртқы және ішкі жауымызға қарсы күресте бірігуі керек етеді.

қыздыру үшін ешқандай істемей отыр. Бұл колхоздарда мемлекетке астық сату ісін баяу болуына себеп болып отыр. Мәселен, «Память Ильича» колхозы мемлекетке осы уақытқа дейін небәрі 50 килограмм астық, 4 центнер картоф, Пушкин атындағы колхоз — 36 килограмм астық, 7 центнер картоф сатты. Бұл колхоздарда майдандық оқулық басталғаннан бері мемлекетке бірде-бір килограмм астық не картоф сатылған жоқ. Колхоз председателдері Подолок, Маслов жолдастар майдандық оқулықке жете маңыз бермей отыр. Олар мемлекетке астық сату ісін

Мемлекетімізге астықты мол сату үшін барлық күш-жігерді жұмсау — колхоз басшыларының абройлы ісі. Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

КӨРНЕКТІ НӘТИЖЕ

КӨКШЕТАУ. (Өз тілшімізден).

Көкшетау ауданының алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық артельдерінің мүшелері Сталин жолдасқа берген серттерінің орындалу қортындысын шығаруда.

«Айғыржал» ауылшаруашылық артельнің колхозшылары кеңесер Сталин жолдасқа жазған хатта мал шаруашылығын өркендету жөнінде алған міндеттемелерінің орындалу қортындысын шығарды. Колхоз мал басын өркендету жөніндегі мемлекеттік планын түліктің барлық түрінен артығымен орындады. Мәселен, ірі қарамал жөнінде план 107 процент, жылқы жөнінде — 112 процент, шошқа өсіру жөнінде — 167 процент орындалды. Қунарлы мал азығы 102 процент дайындалды. Мал қысқату ісін үлгілі өткізуде. Мал қоралары деркезінде ремонтталып, жабдықталған болатын.

«Қызыл жұлдыз» колхозының (мал фермаларының меңгерушісі Омаров жолдас) колхозшылары Сталин жолдасқа берген сертін мүлтіксіз орындау үшін аянбай еңбек істеді. Соның нәтижесінде колхоз мал басын өркендетуде тамаша көрсеткіштерге ие болды. Колхоз қара мал мен жылқы өсіру жөніндегі мемлекеттік планын 102 процент орындады. Неміс-фашист басқыншылардың құлдығынан азат етілген аудандарға туыскандық көмек көрсету ісінде де колхозшылар белсенділік көрсетті. Колхоз бұл үшін ірі мөлшерде 100 мал бөлігі, мемлекетке 256 центнер ет тапсырып, планын 190 процент орындады.

Колхоздың дала жұмысындағы колхозшылар мал өсірушілерден қалысқан жоқ. Олар көктем егісінің планын артығымен орындады. Онымен бірге, планнан тыс 243 гектар алаңға егін екті. Егінді мерзімінен бұрын жыйнап алды. Сөйтіп мемлекетке 2458 центнер астық тапсырып, планын анағұрлым артық орындады. Колхозшылар келесі жылғы егінінен неғұрлым мол өнім алу үшін 500 гектар зябь даярлады. Қазірде ауылшаруашылық құрал саймандары мен өзбелдерді ремонттау, жергілікті тыңайтқыш заттар жыйнау және қар тоқтату жұмыстарын қызу жүргізуде.

«Северный маяк» колхозының мал өсіруші колхозшылары мал шаруашылығын өркендету жөніндегі серттерін аброймен орындады. Мәселен, қара мал өсіру жөнінде мемлекеттік планы — 115 процент, қой жөнінде — 106 процент шошқа өсіру жөнінде — 118 процент, жылқы жөнінде — 106 процент орындалды. Колхоз мемлекетке ет тапсыру планын 214 процент орындады. Мемлекетке 29600 литр сүт тапсырып, міндеттемені анағұрлым артық орындады.

П. ҚАСЕНОВ.

ЮГОСЛАВИЯ ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ АРМИЯСЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ҚЫЙМЫЛДАРЫ

ЖЕНЕВА, 11 январь. (ТАСС). Югославиядан алынған хабарға қарағанда, Банья-Лука ауданында қатты ұрыстар болып жатқан көрінеді. Словениядан толықтыру — жүздеген танк пен бронемашина, сол сияқты жау әскер бөлімдерін алған гитлершілдер азат етілген территорияға өтуге әрекеттеніп, бірнеше бағытта халық-азаттық армиясының бөлімдеріне атака жасауда. Немістердің бір колоннасы танктерінің және авиациясының жәрдемімен Мркоич-Града бағытындағы шептен өткен. Травник секторында дұшпан ұрыс даласында өлген және жараланған көптеген адам қарын қалдырып, кері қуылған. Халық-азаттық армиясының тек бір бригадасы 200 дей немісті жайратқан.

Шығыс Босниде халық-азаттық армиясының бөлімдері Германияның эсэсші дивизиясының полкін құлатып еткен. Гребень маңында сол дивизияның екі батальоны қырылған, дұшпан өлідей 100ден аса солдат мен офицерінен айрылған. Немістердің керуені жойылып, оқ дәрі, көптеген қару-жарақ пен тағы басқа соғыс жабдығы қолға түсірілген.

Халық-азаттық армиясының бөлімдері Словенияда күн тәулік бойына болған ұрыстан кейін Кочевье даласынан қашып шығуға тырысқан дұшпанның колоннасын қоршап алған. Колоннаның басым көпшілігі жойылған. Жаудың солдаттары мен офицерлерінің біразы ғана қашып қутылған.

ИТАЛИЯДАҒЫ СОҒЫС ҚЫЙМЫЛДАРЫ

ЛОНДОН, 11 январь. (ТАСС). Ресми хабар бойынша, одақтастар әскерлері алға басуда болған. Гариально өзенінің жанындағы биік алынған.

Январьдің 8нен 9на қараған түнде одақтастар эсминерлері Адриатик теңізінде 3 шхунаны суға батырып, 4 шхунаны зияндаған. Бірталай аудандарда жағалау мен темір жол құрылыстарына оқ жаудырылған.

Кеше ауыр бомбардировщиктер немістер оккупациялаған Югославиядағы Скопле маңындағы темір жол торабына атака жасаған. Сооттау танциясына көптеген бомбалардың түскендігі байқалған. Жаудың Грециядағы соғыс объектілеріне бірсыпыра шабуыл жасалған.

ЛОНДОН, 11 январь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Италиядағы подлинний жаппай шығаратын бірғана Турин және Пероза заводтары одақтастар авиациясының жасаған шабуылы нәтижесінде істем шыққан.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

«Улашник» кино театрында
Бүгін және күн сағын «Швейцария жаңа қылықтары» деген жаңа фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады.
Касса күндізгі сағат 3тен ашық.

Туберкулез диспансеріне: санитаркалар, кір жуғыштар, ауатты КЕРЕК.
Адрес: Сталин көмесі 98-үй.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главкинопроект» бөлімі облысымыздың экрандарында «Швейцария жаңа қылықтары»

«Октябрь» кино театрында
Бүгін және күн сайын көркем суретті дыбысты

«Колға түспейтін Ян» деген фильм көрсетіледі.
Сеанстар 4-6-8-10-да басталады.
Касса күндізгі сағат 3тен ашық.
Сеанс басталмастан 20 минут бұрын әскери қызметкерлер үшін касса ашылады.
16 январьда күндізгі сағат 12-де балалар үшін «Трактористер» деген фильм көрсетіледі.

деген көркем суретті дыбысты фильм көрсете бастайды.